

«Бекітемін»  
«Алтын сақа» жекеменшік  
шағын орталық директоры:  
А.К.Досбергенова  
«12» февраль 2024ж



**2024-2025 оқу жылына арналған шағын орталықтың педагогтарымен  
өткізілетін әдістемелік кеңесінің отырысы**

| № | Іс-шара тауы                                                                                                                                                                    | Өткізу мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар                                     |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|---------------|------------------------------------------------|
| 1 | <b>№ 1 әдістемелік кеңестің отырысы</b><br>1.Әдістемелік кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту<br>2.Қауіпсіздік нұсқаулықтармен таныстыру. | Қыркүйек       | Хаттама       | Меңгеруші<br>әдіскер<br>Тәрбиешілер<br>медбике |
| 2 | <b>№ 2 әдістемелік кеңестің отырысы</b><br>1.Шеберлік сағат: «Мнемотехника әдісін қолдану»<br>2.Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті талдау.                                          | Желтоқсан      | Хаттама       | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>тәрбиешілер            |
| 3 | <b>№ 3 әдістемелік кеңестің отырысы</b><br>1.Кеңес: «Балаларды ОРВИ-ден сақтану жолдары<br>2.Балалардың білім деңгейін салыстыру «аралық» мониторингі                           | Ақпан          | Хаттама       | Меңгеруші<br>әдіскер<br>Медбике<br>тәрбиешілер |
| 4 | <b>№ 4 әдістемелік кеңестің отырысы</b><br>1.<br>2.Оқу жылын қорытындылау                                                                                                       | Сәуір          | Хаттама       | Меңгеруші<br>әдіскер<br>тәрбиешілер            |

## 2024 – 2025 оқу жылының №1 әдістемелік сағаттың хаттамасы

**Өткізілген күні:** 09.09.2024 жыл

**Қатысқан:** 6 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

### Күн тәртібінде:

1. «2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту».  
Әдіскер: Ермакова Н.
2. Қауіпсіздік нұсқаулықтармен таныстыру.  
Әдіскер: Ермакова Н..
3. Әр түрлі сұрақтар.

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Ермакова Н. мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарымен таныстырды. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасы бекітіліп шықпағандықтан, 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқаулық хатпен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістер талқыланды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берілді. Аудандық жылдық жоспарындағы іс-шараларды да осы жылдық жоспарда көрсетіп, балабақша басшысына бекітуге жіберілді.

Екінші сұрақ бойынша барлық тәрбиешілерді ағымдағы оқу жылындағы қауіпсіздік тәртібімен толық танысып, балалардың өмір қауіпсіздігін бақылауды тапсырамын. Ойын алаңында және ойын барысында: ойын дамытушы ортаны ұйымдастыруы, оқу қызметіне арналған аймағының болуы, ата – аналар үшін көрнекті үгіттеудің болуы, кабинеттерде, залдарда пәндік – дамыту ортасын ұйымдастыруы, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы жай – күй бойынша талаптарды сақтау, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі нұсқаулықты орындау деген сұрақтар негізге алынды. Осы бақылау бойынша жалпы балабақша топтарының дайындығы жақсы екені байқалды. Осы оқу жылында өмір қауіпсіздігін көбірек жоспарлап отырыңыздар.

Үшінші сұрақ бойынша шағын орталық меңгерушісі мен әдіскерге тәрбиеші тарапынан әр - түрлі оқу ісі мен тәрбиеге қатысты сұрақтар қойып, жауап алды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістер мен талаптар бойынша толық түсіндірілді.

### Шешімдер:

1. 2024-2025 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асырудағы талаптарға сәйкес жұмыстар берілген ұсыныстарды еске отырып, өткізіліп отырсын.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Қауіпсіздік талаптары үнемі, қадағалануы және айтылған ұсыныстарға, ескертпелерге назар аударылып, жұмыс жасалсын, кемшіліктер жойылсын.

Жауапты: барлық педагогтар.

**Төрайымы:**

**Хатшы:**



**Досбергенова А.К.**

**Кушукбаева С.**

**2004 – 2025 оқу жылының №2 әдістемелік сағаттың хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 10.12.2024 жыл

**Қатысқан:** 6 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Шеберлік сағат: «Мнемотехника әдісін қолдану балалардың тілін дамыту»

Әдіскер: Ермакова Н.

2. МДҰ тәрбиешілердің 2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығындағы дамыту жұмысының қорытындылары

Әдіскер: Ермакова Н.

3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет: «Сыйқырлы математика ертегілер әлемі» тәрбиеші С.Кушукбаева №1 ортаңғы топ.

Бірінші сұрақ бойынша шағын орталық әдіскері Ермакова Н.Р. мектепке дейінгі ұйымның Тәрбие-баланың дүниеге келген кезеңінен басталады. Мектеп жасына дейінгі балаға тәрбие беріп, ертеңгі еліміздің жан-жақты ұрпағы етіп тәрбиелеу барлық ұстаздың міндеті. Егеменді алған еліміз енді аяғын тәй-тәй басып келе жатқанда мектепалды балалары өзінің елін, тілін, туған халқын, салт-дәстүрін сыйлайтын ұрпағы етіп, өсіру үшін балаға алдымен өз ана тілінде таза, айқын сөйлеуге үйрету керек. Шеберлік сағатта тиімді жолдарды пайдалану кеңінен айтылды.

Екінші сұрақ бойынша тәрбиеші Ермакова Н. 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша есеп берді. Тәрбиеші балалардың жарты жыл ішіндегі жетістіктерімен бөлісті. Презентацияда балалармен жүргізілген мерекелік іс-шаралар көрсетілді. Күнделікті балалардың іс-әрекет барысындағы видеолары тексеріп, желіліерге салу айтылды. Балалардың білім деңгейін көтермелеуде, заманауи әдістерді пайдалану ескертілді.

Тәрбиеші педагогтармен жаттығу өткізді. Түрлі тыныс алу жаттығулары мен нейрожаттығулар жасатты. Бұл шара тәрбиешілер арасында жағымды қарым – қатынас орнатуға мүмкіндіктер ашу мақсатымен ұйымдастырылды. Жаттығу барысында педагогтар түрлі ойындар ойнады.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші өзінің мақсатына жетіп, «Бауырсақ» ертегісі желісімен тапсырмалар орындап, балалар оқу іс-әрекетке қызығушылықпен қатыса білді. 1ден 5 ке дейін тура және кері санай алады. «Дауысынан таны» дидактикалық ойыны ойнатылды.

**Шешімдер:**

1. Мнемотехника әдісін оқу-тәрбие жұмыстарында, жас шамасына сай кеңінен пайдалану.

**Мерзімі:** үнемі.

**Жауапты:** әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Жоспарға сәйкес оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілсін, балаларға сапалы білім беру жұмыстары өз дәрежесінде өткізілсін.

**Мерзімі:** жоспарға сай.

3. Кушукбаева Сандуғаштың өткізген оқу іс-әрекеті «жақсы» деп бағалансын.

**Төрайымы:**

**Хатшы:**

  


**А.К.Досбергенова**

**С. Кушукбаева .**